

Қостанай облысы әкімдігі білім
басқармасының
«Қостанай қаласы білім бөлімінің
№ 28 мектеп-гимназиясы»
коммуналдық мемлекеттік
мекемесі

110000, Қостанай қ-сы, Бородина к-сі, 138/1
тел/факс: 37-43-40
БИН: 190840029152



Коммунальное государственное
учреждение «Школа-гимназия
№28 отдела образования города
Костаная» Управления
образования акимата
Костанайской области

110000, г.Костанай ул Бородина 138/1
тел/факс: 37-43-40
БИН: 190840029152

*Азаматтық-патриоттық және рухани-адамгершілік тәрбие аясында
оқушылар арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті
қалыптастыру 2022-2023 оқу жылында атқарылған іс-шаралар туралы
аға тәлімгердің жылдық есебі*

Қыркүйек

1. «Адал ұрпақ» ашылған клубтардың саны -1. «Адал ұрпақ» клубына қатысатын оқушылар – 17. 2022 жылы 5 қыркүйекте «Алаш» партиясының мүшесі, ғалым, ағартушы Ахмет Байтұрсыновқа арналған «Адалдық сағаты» акциясы өтті. Акцияның өту мақсатында 8-11 сынып оқушылары арасында адалдық пен әдептілік принциптерін қалыптастыру үшін бейнефильм, дәріс ұйымдастырылды. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл ұлттық санамызды тәрбиелеу арқылы, білімді де, саналы азаматшалар қалыптасады.

2. «Парасатты азамат» атты жабдықталған бұрыштан саны -1 Әр іс – шараның атқарылған жұмысы бұрышқа салынып, жаңартылып отырады.

3. Сыбайлас пен жемқорлыққа қарсы тақырып бойынша ата-аналар жиналысы 5 сыныптардың ата-аналарына өткізілді, жиналысқа 30 ата-ана 6 қыркүйек күні 5 сынып оқушыларының ата-аналарымен, ата-аналардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы тақырыпта сауаттылығын арттыру мақсатында, сынып жетекшілер психологпен бірлесе ата-аналар жиналысын өткізді.

4. Дискуссиялық практикумдардың саны -1, қатысқан 10 оқушы өзара пікір алмасып, пікір сайыс түрінде дебат үйірмесі жетекшілігімен өтті.

5. «Мектептің көшбасшысын сайлау» бойынша қатысқан оқушылар «Ұланбасы» - «Жас Ұлан» көшбасшысы, оқушылардың өзін-өзі басқару органының жетекшісі болып есептеледі, мектеп оқушыларының қоғамдық қызметін басқарады, оқушылар мен мектеп әкімшілігінің өзара қатынастарын жүзеге асырады, мектеп қызметін жақсарту мақсатында өзінің және оқушылардың атынан ұсыныстар енгізеді, оқушылар мен ұстаздар арасында туындаған мәселелерді шешуге атсалысады, түрлі әлеуметтік жобалар ұйымдастыру үшін жұмысқа жетекшілік етеді. Ұланбасшысын сайлау комиссиясы құрылды. 5-8 сынып оқушылары үміткер ретінде тіркелді.

6. Мемлекеттік қызметтегі ардагерлермен кездесу 1 қыркүйек «Білім күні салтанатты мерекелік жиында сөз сөйлеп, құттықтау, және 10 сынып оқушыларына марапттаулар берілді.

7. Мемлекеттік қызметті алу тақырыбында мектептің инстаграмм парақшасы арқылы «Ашық диалог» алаңында онлайн нысанда сауалнама жүгізілді.

Қазан

«Адал Жол» жобасының жұмысын жандандыру, балалардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастыру мақсатында «Шығармашылық сыбайлас жемқорлыққа қарсы» атты бастауыш сынып оқушылары арасында сурет байқауы өтті. Байқауға қатысушылар саны- 17. Оқушылар сыбайлас жемқорлықтың салдары неге апаратынын қағаз бетіне түсірген.

«Адал Жол» жобасы аясында Сыбайлас жемқорлыққа қарсы тәрбиелеу үшін олардың бойында сыбайлас жемқорлыққа қарсы ұстаным қалыптастыру мақсатында балалар мен жастардың әлеуметтік-шығармашылық белсенділігін дамыту, өзін-өзі жетілдіру және өзін-өзі дамыту қажеттілігін алға қоя отырып 9-10 сынып оқушыларының қатысуымен театрландырылған қойылым түсіріліп видеоролик әзірленді.

Қоғамға ашық және есеп беретін мемлекет қалыптастыруға бағытталған міндеттерді шешу барысындағы Қазақстанның жетістіктерін паш ету, құқықтық мемлекеттің жұмыс істеуінің базалық принциптері туралы және біздің елімізде құқықтық мемлекет қалыптастырудың ерекшіліктерін білгізу мақсатында «Транспарентті және есеп беретін мемлекет» челленджі болып өтті. Қаламыздың метептері сыбайлас жемқорлыққа байланысты бір-біріне сұрақ жолдап, челлендж түрінде жауап беріп отырды. Бізге №27 жалпы орта мектебі «Сыбайлас жемқорлық әдеби шығармаларда қалай көнініс табады?» деген сұрақ жолдаған болатын. "Адал ұрпақ" ерікті клубының мүшесі және өзін-өзі басқару ұйымының «Психология» фракциясының жетекшісі 10 сынып оқушысы Агибаева Динара және аға тәлімгермен бірлесе отырып жауап ретінде бейнеролик әзірледі. Келесі сұрақ №29 жалпы метебіне жолданды. Оларға қойылған сұрақ «Сыбайлас жемқорлықты болдырмаудың алдын-алу іс-шаралары қандай болуы керек?». Атқарылған жұмыстар мектептің инстаграмм парақшасында жарияланып отырады. Мектепте дебат үйірмесінің жетекшісі және мектепте өзін-өзі басқару ұйымындағы «Дебат қозғалысы» фракциясының жетекшілері және 9 сынып оқушылары пікірталас өткізді. Пікірталас өткізу арқылы оқушылар тәжірибе бойынша өз пікірлерін ортаға салды. Көзқарастарымен бөлісті. Оқушылар «Тәртіпсіздікке нөлдік шыдамдылық» мәдениетін қоғамда қалыптастырудың неліктен маңызды екендігі туралы ойларын ортаға салды. «Сыбайлас жемқорлық қоғамның мемлекеттік қызметкерлерге деген сенімін жоятындығын тілге тиек етті. Бұны болдырмау үшін әркім не істей алады?» Сыбайлас жемқорлықсыз мемлекет қандай болады? деген тақырып көтерілді.

Қараша

«Адал Жол» жобасының жұмысын жандандыру, балалардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастыру мақсатында сыбайлас жемқорлықты болдырмаудың жолдары қарастырылды.

«Адал Жол» жобасы аясында Сыбайлас жемқорлыққа қарсы жұмыс барысында ата-аналар жиналысы өткізілді. Әр түрлі тақырыпта мәселелер көтерілді. Ата-аналар тарапынан көптеген ұсыныстар болып жатты.

Балалардың құқығы-адам құқығы тақырыбында қалалық эссе жазу байқауы өткізілді. 9 «Б» сыныбының оқушысы Есентемирова Анара белсене қатысты.

Балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту мақсатын қалалақ балалар шығармашылық мектебінде өткен «Жас актер» атты қалалық театр байқауында мектебіміздің 11 «А» сынып оқушылар және 9 «А», 4 «Ә» сынып оқушылары қатысып гран-при иегері атанды.

Мектебімізде математик, экономист-маркетолог, коуч-тренер Әбутәліп Әмір «Мамандықты таңдау – келешекті таңдау» тақырыбында 11 сынып оқушыларымен семинар-тренинг өткізді. Тренинг барысында оқушыларға мамандық таңдаудағы маңызды факторларға тоқталып, өмірлік мақсат қойып, жетістікке жету жолдары түсіндірілді. Тренинг соңында оқушылар коуч-тренерден жеке кеңес алды.

Қалалық балалар шығармашылық мектебінде қашықтықтан өткен видеороликтер байқауында мектебіміздің 10 «А» сынып оқушысы Алдажуманова Камила 1 дәрежелі диплом жеңіп алды

Желтоқсан

Желтоқсан айында- «Адал ұрпақ» ерікті клубының мүшелері 10 «Ә» сыныбында «Қазақстан құқықтық мемлекет» тақырыбында мектеп инспекторымен кездесу болып өтті. 16 желтоқсан «Тәуелсіздік күніне» орай арналған мектеп көлемінде оқушылардың патриоттық, көшбасшылық, отансүйгіштік қасиеттерін арттыру мақсатында арнайы сынып сағаттары болды.

«Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ» деген тақырыпта «Адал ұрпақ» клубының мүшелерінің арасында ерікті түрде шығармашылық сурет акциясы болып өтті. Акцияның негізгі идеясы , сыбайлас жемқорлыққа қарсы ұстанымдарын қалыптастыру болды. Клуб мүшелерінің жұмыстары әлі де жалғасын тауып, жұмыс жүргізілуде.

Адал ұрпақ клубының мүшелеріне арналған, патриотизм, отан үшін мақтаныш, қоғамдық тәртіпке құрмет, еңбексүйгіштік, жауапкершілік, тәртіп, құқықтық негіздерді білу және құрметтеу сияқты жеке тұлғаның қасиеттерін дәріптеу мақсатында мектеп инспекторы Назира Ергешбаевнамен «Мемлекеттік қызмет - өмірлік ұстаным» тақырыбында ашық кездесу,әңгімелесу болып өтті. Әңгімелесу барысында мемлекеттік қызметтің қиыншылықтары мен жақсы жақтары талқыланды. Мемлекеттік қызметтің

оңай жұмыс емес екендігі және қоғамдық тәртіпті болмайынша қоғам арасында тұрақтылықтың болуы қиын екендігі түсіндірілді.

Сыбайлас жемқорлықты болдырмау мақсатында, мектеп оқушыларының қатысуымен «Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ» атты бейнеролик түсірілді. Бейнероликке «Адал ұрпақ» клубының мүшелері 10 ә сынып оқушылары және 9-11 сынып оқушылары белсене атсалысты.

Қаңтар

Бүгінгі таңда сыбайлас жемқорлық қоғамымызды қатты алаңдатып отырған келеңсіз көріністердің бірі екені еш жасырын емес. Бұл қылмыс түрімен қоғам болып күресу мақсатында көп іс-шаралар қолға алынуда. Құқық қорғау органдары мен сот жүйесі де осы бағыттағы заңнамаларды жетілдіріп қана қоймай, жемқорлықтың алдын алуға баса назар аударуда. Сол себепті болашақ жеткіншектер өздерің екенін ескерте отырып, осындай жағдайларды болдырмау мақсатында - құқықтық сабақтарында 9 "А", "Ә", "Б" сыныптар арасында **"Жемқорлық - құқық бұзушылықтардың картасы"** атты презентация байқауы болып өтті. Құқықтық сабақтарында «Жемқорлық құқық бұзушылықтардың картасын» жасау бойынша презентация сыныпта қорғалып, үздік презентациялар іріктеліп мақтау қағаздары әзірленді.

Әлемнің дамыған 30 еліне кіру мақсаттарына жету үшін біз күшімізді біріктіру қажет, соның ішінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресте бірігу қажет. Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясында көрсетілгендей жетістікке жету, сыбайлас жемқорлыққа тек біртұтас ағза сияқты күрескенде ғана мүмкін. 8 «А», 8 «Ә» сынып оқушылары арасында акция балаларға арналған ар-ұят, абырой, жауапкершілік, адалдық, әділеттілік сияқты қасиеттерді насихаттайтын **«Пара алу құрдымға апарар жол!»** флэшмоб ұйымдастырылды. Акцияның негізгі идеясы , сыбайлас жемқорлыққа қарсы ұстанымдарын қалыптастыру болды. Клуб мүшелерінің жұмыстары әлі де жалғасын тауып, жұмыс жүргізілуде.

Ақпан

Балалардың отансүйгіштік сезімі мен адамгершілігін ояту мақсатында жастарды адалдыққа тәрбиелеуде көптеген іс – шаралар атқарылуда. Соның бірі республикалық деңгейде өткізіліп жатқан «Адалдық сағаты» атты тәрбие жұмысы. Еліміздің телеарналарынан көрсетіліп жатқан осы жобаны, біз білім беріп отырған №28 мектеп-гимназиясы білімалушыларының да адалдыққа тәрбиесіне өз ықпалын тигізіп жатыр деген ойдамыз. Шәкәрім қажы адалдық турасында: Мақтан үшін мал жима, жан үшін жи, Ғибадат пен пен адалдық ар үшін жи, – деп, бақыттың өзі адалдыққа негізделетінін айта келіп, адалдықтың ар біліміне қатысына да ерекше көңіл бөледі. Адалдық қорғау қажеттігін, ол үшін адам бойындағы асыл қасиеттердің бірлікте болуын ашып көрсетеді. Біз бұл клубтарды рухани-адамгершілік және азаматтық-патриоттық тәрбиелеу

контекстінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті мектеп ортасында қалыптастыру бағдарламасын негізге ала отырып жұмыс жасаймыз: Осы тақырыпта ақпан айында мектебіміздің 5-7 сынып оқушылары арасында «Адалдық- адамдықтың белгісі» тақырыбында эссе жазу байқауы ұйымдастырылды. Клуб мүшелерінің жұмыстары әлі де жалғасын тауып, жұмыс жүргізілуде. 8-сынып оқушылары «Welcome to Қазақстан» деген әнге «Жемқорлыққа жол жоқ!» тақырыбында флешмоб ұйымдастырды.

Оқушылардың бұл тақырыптағы білімі мен ұшқыр ойларын эсселерінен бақылауға болады. Клуб мүшелері жан-жақты дамыған, нағыз патриот, туған елі мен жеріне жанашыр, адал ұрпақ болары анық. Демек клуб жұмысы ақталуыда. Біз мақсатқа жету жолындамыз.

Наурыз

Мемлекеттік қызмет — бұл адамдардың әлеуметтік қызметінің бір түрі. Бұл ұғым меншік нысандарының тәуелділігіне байланысты, адамдардың органдар, мекемелер, бірлестіктердегі, ұйымдардағы қызметті жүзеге асыруларына және қызметкерлердің функцияларын орындау сипатына қарай қызмет мемлекеттік және мемлекеттік емес болып бөлінеді. Мемлекеттік қызмет кең және тар мағынада түсінілуі мүмкін. Кең мағынада мемлекеттік қызмет деп мемлекеттік органдарда, мекемелерде, кәсіпорындарда және ұйымдардағы еңбек қызметі мен қызметтік функцияларын орындауды айтуға болады. Ал тар мағынада мемлекеттік қызметші деп мемлекеттік билік органдарында қызметкерлердің қызметтік міндеттерін орындауын айтуға болады. Мемлекеттік қызмет арқылы мемлекеттік органдардың міндеттері мен функциялары жүзеге асырылады. Бұл әлеуметтік қызмет түрінің мемлекеттік-өкімдік сипаттамасы бар және оны мемлекеттік қызметшілер деп аталатын азаматтар жүзеге асырады, яғни мемлекеттік органдарда заңдарда белгіленген тәртіппен республикалық немесе жергілікті бюджеттен не Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің қаржысынан ақы төленетін қызметті атқаратын және мемлекеттің міндеттері мен функцияларын іске асыру мақсатында лауазымдық өкілеттікті жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының азаматын айтамыз. 10 «А» жас сарбаз сыныбының оқушыларымен мемлекеттік қызметкерлердің кездесуі болып өтті.

Сәуір

«Адал ұрпақ» ерікті мектеп клубы 3 бағытта жұмыс жүргізеді: сыбайлас жемқорлыққа қарсы ақпарат және шығармашылық, сыбайлас жемқорлыққа қарсы білім, мәдени-көпшілік іс-шаралар. Жоспарға сәйкес «Сыбайлас жемқорлыққа жол бермейік!», «Біз жемқорлыққа қарсымыз!», «Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және парасаттылық саясаты», «Адалдық - адамдықтың белгісі» және тағы да басқа тақырыптарда тәрбие сағаттары өткізілген. Сыбайлас жемқорлықтың салдары туралы бейнетаспалар көрсетіліп, пікір-алмасулар ұйымдастырылған.

Барлық білім беру мекемелерінде «Мемлекеттік қызмет – елдің мүддесіне адал еңбек» тақырыбында мемлекеттік қызметкерлермен кездесулер болып, мемлекеттік қызметтің барысы туралы оқушыларға түсінік берілді. «Адал ұрпақ» ерікті мектеп клубтарын осы тұрғыда оқушылар бойында жемқорлыққа қарсы көзқарас қалыптастыратын, құқықтық сана мен мәдениеттің деңгейін арттыратын ерікті бірлестік ретінде қабылдауға болады. Бұл қозғалыс мектептердегі жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастырып қана қоймай, құқықтық білімді де кеңінен насихаттайды.

Ағымдағы айда Нысанғали Аружан 6 «А» сынып оқушысы, Казиева Сабина 9 «А» сынып оқушысы «Жемқорлыққа жол жоқ!» тақырыбында Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының мемлекеттік кірістер бойынша департаментінің ұйымдастыруымен өткен сурет байқауына қатысты.

Мамыр

«Адал Ұрпақ» мектеп клубының оқу жылына арналған жұмыс жоспары рухани-адамгершілік және азаматтық-патриоттық тәрбие контекстінде мектеп ортасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру бағдарламасы негізінде әзірленеді.

Осы клубтардың қызметі, мектеп ортасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру бойынша іс – шаралар туралы ақпаратты бұқаралық ақпарат құралдарында, әлеуметтік желілерде, білім бөлімдері ұйымдарының интернет-ресурстарында орналастырылып отырды атқарылған іс-шаралардың есебі ай сайын Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қостанай қаласының білім бөлімі» ММ profilactika@kst-goo.edu.kz бөліміне жіберілді. Бауыржан Момышұлының «Алтынбасты болсаң да ардан артық емессің» деген нақыл сөзімен аяқтағым келіп отыр. Қоғамда парасаттылық идеологиясын қалыптастыру мақсатында жүйелі жұмыстар алдағы уақытта да өз жалғасын табады.

Мектеп директоры:

Ж.Б.Исмайлова

***Орындаған: аға тәлімгер
Жилкайдарова Ж.Б.***